

Қазақ әдет-ғұрып құқығы мен бидің билігін әртүрлі тұрғыдан зерттеу жалпы көшпелі қоғамның цивилизациясы мұрасының бірі ретінде сипаттай отырып құқықтық мәдениет аясындағы орны мен ерекшеліктерін ашып көрсету міндет болып табылады. Сондай-ақ қазақтың қазақ құқығының мазмұны халықтың тыныс-тіршілігінің өзегімен қаттасып жатуы, халықтың өзіне жақын болуы мен адам баласының мәңгілік рухани бітім болмысына, сұранысы мен талабына сай болды.

Қазақтың ата заңдарын тынбай зерттеп, басқа бірде-бір халықта болмаған билер сотын әлемдегі ең әділ сот жүйесі, қазақ өркениетінің әлем өркениетіне қосқан дербес, озық үлгісі екеніне алыс-жақынның көзін жеткізген де С.З.Зиманов болатын. Билер: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік – осы төрттің құлы дейді халқымыз. Заңгерлердің ұлағатты ұстазы бола білген қаншама шәкірттер тәрбиелеп өнегесі үгі болған ғалымымыз С.З.Зиманов осы асыл қасиеттерді өмірінің туы ғып, оны ешқашан түсірмей өмірден өтті.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Салық Зимановтың туғанына 100 жылдығына орай өткен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылу салтанатына жолдаған Қасым-Жомарт Кемелұлының Құттықтау хаты.

2 Қазақтың ата заңдары IV том. Алматы «Жеті Жарғы», 2005, -551 б.

3 Әлімжан Қ.А. Қазақстан Республикасында сот тәжірибесіндегі дәстүрлі құқық доктринасы // Правовая реформа в Казахстане, 1999, № 3.

ҚОРШАҒАН ТАБИҒИ ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ОСЫ САЛАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сопыханова А.Б., з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарУ заң факультеті*

Бейбітшілік, қауіпсіздік, экологиялық басқару аясындағы құқықтық реттеу, қолайлы табиғи ортада жағдай жасау құқығы –қазіргі кезде Қазақстан және өзге мемлекеттерде өзекті мәселелері болып табылады. Қоғам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтардың өсуіне байланысты экологиялық проблемалардың қауіпі өсуде. Қазір пайда болып жатқан экологиялық проблемалар –тек табиғат факторларына ұзақ уақыт бойы әсер ету мен өндірістік қызметтердің дамуымен ғана емес, табиғаттың сарқылмастық көзқарасы [1; 208].

Қоршаған орта зерттеуанализі бойынша, бұл жағдай Қазақстан экономикасының ұзақ уақыт бойы қаржылық шешімдерді қабылдау кезінде, өзге мемлекеттермен бірдей қабылданған экологиялық талаптарға көңіл аудармауынан осындай жағдайда болуда. Сондықтан экологиялық саясатты жетілдіру мен қоршаған ортаның жағдайын түзету мәселелер шет елдермен басты орынға қойылатын табиғи ортаны қорғау жөніндегі мәселелер мемлекеттік органдардың пайда болуы мен қызмет етуіне тікелей байланысты. Экологиялық салада мемлекеттің орны ерекше және барлық шет елдерде экологиялық жағдайды орнықтыру және жақсартуға, табиғат объектілерін ұтымды пайдалану, экологиялық субъектілер арасында экологиялық басқаруды, табиғи ортаны келтірілген зияннан қорғау үшін құқықтық қатынастарды реттеуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы ерекшеліктер барлық мемлекеттердің экологиялық басқару органдардың нысаны бойынша құқықтық жүйеге тиесілі, ал мазмұны бойынша экологияға тиесілі [2; 214].

Экономикасы дамыған елдерде табиғат пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік жүйеде қондырмалар пайда болды. Осыған сәйкес, көптеген елдерде заңнамаға сәйкес атқарушы және кеңес берушілік функциясын орындайтын мемлекеттік-басқармалық тәртіптік және құқықтық басқармалар функциялары белгіленген. Халықаралық тәжірибе бойынша, халықаралық ынтымақтастықтар дамып келеді, ол адам және қоғамның дамуының басты мәселесіне айналады. Бүгінгі күнде, көп мемлекеттерде мемлекеттік экологиялық басқару органдар жүйесімен жұмыс істейді.

Америка Құрама Штаттары қаржылық дамыған елдердің бірі. Федералды экологиялық басқаруды мамандандырылған органы, АҚШ Президент басқармасы қоршаған ортаның сапасы бойынша Совет болып табылады. Оның функциясы: экология саласындағы ұлттық саясатты таңдау жөніндегі кеңестер жасау, қоршаған ортаға әсер тигізетін федералды ведомствалықтарды, жоспарын әзірлеу, қоршаған орта саласының ұлттық саясатының заңдылығының сақталуын бақылау, жыл сайынғы Президент алдында есептеме жүргізеді. Қоршаған ортаны ластағыш заттардың жеке түрлерімен күресуге байланысты жобаларды дайындап, іске асырады, экологиялық стандарттарды енгізеді, табиғат ресурстарын пайдалануға рұқсаттар береді, экологиялық құқықбұзушылықтармен күреседі, мемлекеттік мониторингпен табиғи ортаны келтірілген зияннан қорғау үшін ғылыми зерттеулер жүргізеді. Қоршаған ортаның ластануына байланысты кейбір өкілеттіктерді өзін-өзі басқару органдары мен жергілікті органдар арасында бөледі. Экологиялық бағытта АҚШ-та ішкі істер Министірілігі үлкен рөл атқарады. Басқа елдердің Министірілігінен айырмашылығы департаменттің басты функциясы- полицейлік қызмет пен қауіпсіздікті іске асыру ғана емес, федералды күзіретке жататын жерлерді басқару. Министіріліктің жүйесінде басқару Бюросы, ресурстар басқару қызметі, ұлттық парктер қызметі, жабайы аңдар мен балықтарды қорғау қызметі, АҚШ-тың геологиялық бақылау органдары кіреді. Министіріліктің басты функциялары: Федералды жерлерді бақылау, жер қойнауын сақтау және қолдануын қадағалау, аң және балық аулау шаруашылығын жүргізуді бақылау болып табылады. Табиғат ресурстарын басқару қызметі, ауыл шаруашылығы Министірілігіне кіреді және ол екі бөлімшеден тұрады: жер қыртысын сақтау басқармасы және орман басқармасы. Сауда Министірілігіне ұлттық теңіз және атмосфералық ұйымдары кіреді. Осыған қоса, табиғи ортаны қорғау және басқару функциясын көлік Министірілігі жағалаулық күзет атқарады. Әділет Министірілігі, энергетика Министірілігі, Рекламация Бюросы штаттардың су шаруашылық жобаларын іске асыру, біріңғай жобаларын, су қолдануды реттеу, су ресурстарын басқаруды қамтамасыз етеді. Бүгінгі күнде, АҚШ басқарудың үш деңгейі: Федералды, штаттық және жергілікті. Үш деңгей экологиялық талаптарды іске асыру үшін кесімдер, хабарламалар, бағдарламалар, жобаларды тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарып, реттейді. Арнайы күзіреті бар органдар экологиялық бағдарламаларды іске асыру үшін белсенді жұмыс істейді [3; 108].

Ұлыбритания өнеркәсіп және саудамен айналысатын ірі мемлекетті бірі. Мемлекеттік құрылғы конституциялық монархияға негізделеді. Монархтың билігі кей салаларда шектеледі, қоршаған орта мемлекет басқару мен табиғатты тиімді қолдануда да шектеледі. Ұлыбритания ауаны қорғау, парниктік газдарды азайту салаларында ұлттық заңнаманы жетілдіруде және бұл мемлекет әлемдегі ең көп мұнай, жаңар жағар майтауарлары, табиғи газ, көмірқышқыл калий, тұз және қорғасын өндіреді. Сондықтан, мемлекеттік органдар функционалды күзіреттерге ие, оның мақсаты табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарын тиімді пайдалану. Негізінде жалпы экологиялық мәселелерді жалпы бақылау қоршаған орта Министірілігіне жүктеген. Атмосфералық ауаға ластағыш заттарды шығару және зиянды физикалық әсерлерге байланысты сұрақтарды ұйымдастыру, болжау және реттеу патша комиссиясы немесе ұлттық қадағалау басқармасымен атқарылады. Қоршаған ортаны аумақтық және жергілікті деңгейде графства кеңестері, қалалық және жергілікті Кеңестер және мамандандырылған өзіндік Кеңестермен, комиттермен бақыланады.

Табиғи ортаны қорғаудың оперативті функциясын жергілікті басқару органдары атқарады [4; 81].

Бүгінгі күндегі халықаралық қатынастардағы интеграциялық үрдістер әлемнің даму тенденциясы мен заңдылықтарының негізі болып табылады. ХХІ ғасырда әлемдік және аймақтық мәселелерді біріге шешу интеграция мен ғаламдық даму үрдісінің талабымен байланысты болып отыр, яғни ешқандай мемлекет өз мәселелерін жеке шеше алмайтындығын көрсетіп берді. Шынында да бүгінгі күнде бүкіл әлемді интеграциялық бірлестіктер, одақтар жинақтарымен түсіндіруге болады. Соның ішіндегі ең маңызды интеграциялық бірлестік Еуропалық Одақ болып отыр.

Еуропалық интеграция халықаралық үрдістердің дамуына әсер етуші ретінде халықаралық қатынастар дамуының объективті құрылымдық негізі, ал әлемнің саяси жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Германдық экологиялық құқықтың негізінде экологиялық орталықтандыру жатыр, ол адамның мүдделеріне қатыссыз табиғи ортаны қорғау қажеттілігін анықтайды, ол өз кезегінде ГФР-да жағымды қоршаған табиғи ортасубъективті құқықтың заңи бекітілмегенімен өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Азаматтарының экологиялық құқықтарын жүзеге асыру қолданыстағы құқықтық құралдар арқылы тиімді қамтамасыз етілген:

- ұйымдастырушылық сипаттағы – жергілікті өзін-өзі басқарушы органдарды табиғи ортаны бақылау саласында кең шеңберді өкілеттіліктерді беруінде, ол өз кезегінде азаматтардың экологиялық құқықтарының жүзеге асуын жеделіске асыруға мүмкіндік беретіндігімен, мемлекеттік экологиялық бақылаудан басқа Еуропалық Одақ жағынан бақылаудың орын алуында;

- қаржылық сипаттағы – қызметтері шаруашылық жүргізу үшін субъектілерін табиғатты қорғау шараларын жүргізу бастамасына бағытталған табиғи ортаны бақылау саласындағы қаржылық ынталандыру шараларын заң жүзінде бекіту арқылы, идеологиялық сипаттағы – мемлекетпен заңмен белгіленген экологиялық ағарту шараларын мақсатты бағыттап жүргізуі арқылы [5].

Канадада табиғат ресурстарын басқару мен табиғи ортаны қорғау екі деңгейде жүзеге асырылады: Федералды және провинциалды. Ауыл шаруашылығы мен табиғи ортаны қорғау мәселелерін зерттейтін ғылыми зерттеумен айналысатын Канадалық аграрлық институтқа ерекше көңіл бөлінеді. Данияда, «қоршаған орта» дербес салаға айналды, оның өкілеттігі қоршаған орта Министрлігіне жүктелген, олар: аумақтық (округ деңгейінде) және қалалық басқару органдарымен жұмыс атқарады. Соңғы екі атқарушы орган қоршаған ортаны күнделікті басқарумен айналысады. Мемлекет басқарудың округтің органы жоспарлау, бақылау және аумақтық масштабтық қызметті бағыттау мәселелерімен айналысады. Дания қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне келгенде патшалық органдардың күзіретін азайтып, өзін-өзі басқару жобаларын жасауды қолдайды. Аумақтық билік, сумен қамту, өзен, суағар жүйесінде судың сапасын оңалту, су жинау территорияларын қолдану жобалары, өнеркәсіптермен қоршаған ортаға ластағыш заттарды азайту мәселелерімен айналысады. Қалалық билік өкілдері экологиялық проблемаларға жақын тұрады, олардың ойынша табиғи бақылау қалалық басқарудың маңызды факторы. Муниципалды шығындардың негізгі бөлігі тазарту құрылғылардың құрылысы мен жабдықталуына бөлінеді. Данияда табиғат қорғауды қаржыландыру табиғат пайдаланушылардың төлемдері мен салықтары арқылы жиналады [6; 89]. Францияда табиғи ортаны қорғау құқығы мен міндеттерін конституциялық деңгейде қарастырады. Францияның орталық ұйымдастырушылық элементі министрліктер мен ведомствалықтар, оның ішінде декреттерге байланысты үкімет орналасқан кезде Премьер-министр бекітеді. Қоршаған ортаны бақылау мен қорғауды территориялық қызметі өз кезегінде аумақтық, аумақ аралық, департаменттік деңгейде болады. Сол аумақтағы экологиялық қауіпсіздіктің асыру, табиғатты ұтымды пайдалану, табиғи ортаны қорғау мен бақылау министрліктің сол аумақтағы департаментіне жүктеледі. Сонымен қатар,

ұйымда территориялық бөлікте табиғи бақылаужергілікті мемлекеттік органдар мен қала мэрлері атқарады. Қазіргі уақытта, Францияда, су шаруашылығын жүргізу қалыпты даму Министрлігіне жүктелеген, алайда бұрын су ресурстарына байланысты істеу түрлі ведомстардың құзыретінде болған. Табиғат қорғауға Француз Федералды қоғам және табиғат қорғау лигасы белсенді қатысады. Экологиялық қауіпсіздік функциясын жандармерия атқарады [7; 90].

Японияда мемлекеттік биліктің жоғарғы заң шығарушы органы Парламент. Табиғи ортаны қорғаудың жаңа заңнамасына байланысты Японияда арнайы мемлекеттік жүйелер қалыптастырылды. Екі орган жұмыс істейді-консультативтік және атқарушы тәртіптік орган. Япония үкіметінің жүйесіне ауыл шаруашылығы, орман, балық аулау, экологиялық қақтығыстарды шешу комиссиясы, мемлекеттік жерлерді бақылау комиссиясы, қоршаған орта істері бойынша басқармалардан тұрады. Тәуелсіз Мемлекеттер Одағына келетін болсақ, табиғи ортаны қорғау ТМД елдерінде ұзақ уақыт бойы дайындау кезеңінде болды. 2013 жылдың 1 наурызында ТМД елдері қоршаған орта қорғау аясы жөніндегі келісімге қол қойды. Қаржылық реттеу әрекеті қоршаған орта компоненттерін белсенді түрде бұзбау керек, табиғи ортаны қорғау бағытында болуы керек. Нәтижеге жету үшін халықаралық нормативтік база құру қажет болды[8;12]. Қазақстанның табиғи ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті асыру саласындағы халықаралық ынтымақтастығы жан-жақты конвенция аясында дамуда. Бүгінгі күнде, табиғатты және табиғат пайдалануды қорғауға бағытталған мыңнан астам екіжақты келісімдер мен шарттар жасалуда. Осыған орай, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, шетел тәжірибесі мен табиғатты бақылау саласындағы мемлекеттік басқарудағы заңды қолдану практикасы, сонымен қатар, оны орындаушы ұйымдардың жүйесі, экологиялық факторларды жүзеге асыру үшін қолданатын құқықтық механизмдер мен әдістерге қызығушылық Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылымы, қаржылық жүйенің терең өзгеруі, мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі, демократиялық өзгерістердің болуына байланысты. Қазақстанда құқықтық мемлекет құрылымының жаңа кезеңінің аясында өмірімізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, заңның басымдылығы, халықаралық құқық нормалары қағидаларының болуы әр түрлі бағыттардағы құқықтық өзгерістердің болуына әкеледі, сонымен бірге табиғи ортаны қорғауда да Қазақстанның табиғат қорғау саласында құқықтық саясат тұжырымдамасы Конституцияның халықаралық құқық нормалары мен принциптеріне, халықаралық келісімдеріне негізделген әлеуметтік – қаржылық тапсырмаларды тепе-тең түрде шешуді іске асыруға, қазіргі және болашақ қажеттіліктерін өтеу мақсатында табиғат ресурстары мен биологиялық әр- алуандылықты, экологияның қауіпсіздігі сақталуы тиіс және халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға оны үйлестіру тұрғысында одан әрі жетілдіру мен дамыту қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Петров В.В. Экологическое право. М., 1994. - С. 208.
- 2 Соколова Н.А. Международно-правовые проблемы управления в сфере охраны окружающей среды. - М., 2017. - С. 214 - 239.
- 3 Брославский Л.И. Государственный экологический контроль в США // Журнал российского права. – 2013. – № 2. – С. 108
- 4 Волков А.М., Лютягина Е.А., Линьков А.С. Органы управления природопользованием и охраной окружающей среды в США // Вестник РУДН. Серия. Юридические науки. – 2015. – № 3. – С. 81.
- 5 Қазақстан Республикасы, Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу жөніндегі ноталар алмасу нысанындағы шартты бекіту жөніндегі//<http://adilet.zan.kz>
- 6 Лютягина Е.А. Управление природопользованием и охраной окружающей среды в зарубежных государствах. Труды кафедры административного и финансового права:

Современные проблемы публичного права в России и за рубежом /Отв. ред. А. Б. Зеленцов, А.М. Волков. – Вып. I. – М.: РУДН, 2011. – С. 89-100

7 Волков А.М., Лютягина Е.А. Государственное управление природопользованием и охраной окружающей среды во Франции // Вестник РУДН. Серия. Юридические науки. – 2011. – № 1. - С. 90-98

8 Нурмухамедова Э.Ф. Международный экологический правопорядок и экологические права человека. М., 2014. - С. 12-37

АТҚАРУШЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ

Туякова Н.Б., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті
Ғалы Ж.О., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті

Биліктің жіктелуі жеке тұлғаның ар-ожданы құрметтелетін, еркіндіктер кепілдендірілген конституциялық құқықтық мемлекеттің қажетті көрінісі ретінде айтылады. Бұл мемлекеттік өмірді конституцияландырудың, оны тиімді етудің, тұрақтандырудың, шектеу мен бақылаудың негізгі ұйымдастырушылық бастауы. Қағиданың негізгі маңызы – адамдардың бірлескен ұйымдасқан әрекетін реттеу және қолдау, олардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтерді тиісінше анықтау және өзара бағындыру, оларды жүзеге асыратын органдардың құзіретін теңдестіру, сондай-ақ саяси күштердің белгілі бір теңдігіне ықпал ету. Бұның бәрі мемлекеттік биліктің өзінің біртұтастығына әкеліп соғуы тиіс.

Бүгін де тәуелсіздігінің отыз бір жылдығын атап өткен, билікті жіктеуді танитын Қазақстанда шешіліп жатқан келелі мәселелердің бірі – мемлекеттік құрылым мәселесі болып табылады. Соңғы жылдары ол әр түрлі өзгерістерге ұшырап, тиімді басқару нысанасын анықтау барысында үнемі жетілдіру үстінде болды. Күрделі де мәнді өзгерістерге ұшыраған мемлекеттік-құқықтық институттардың бірі – атқару билігі еді. Сондықтан да оның мәні, қызметі және мемлекет механизміндегі орны, мемлекеттік басқару мен арақатынасы мәселелері күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қатарында.

Атқару билігінің белгілерін талдау барысында бірінші орынға оның ұйымдастырушылық сипатын қоюға болады. Егер билік әлеуметтік басқару құралы болса, атқару билігі – мемлекеттік басқару құралы. Ол экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси аймақтарда қоғамдық байланыстардың күрделі өрнегін құру, жасампаз және қорғаушы әрекеті үшін қажет. Ол тұрақты түрде және бір мақсатқа бағыттталып әрекет етеді және мемлекеттік билік тармақтарының ішінде бірінші болып қоршаған ортаның өзгерістеріне бет бұрады, тіпті заңмен реттелмеген төтенше жағдайлардың өзін де тәртіпті қалшына келтіруге міндетті [1;38]. Атқару билігі уақыт пен кеңістікте әмбебап сипатқа ие, яғни адам ұжымы болатын барлық жерлерде үздіксіз жүзеге асырылады. Ол қоғамдық өмірдің барлық маңызды жақтарын реттейді, елдің барлық аймағына тарайды. Оның әмбебаптығы сонда, ол тек орындаушылықпен ғана айналыспайды, белгілі бір шектерде құқық жасаушылық және юрисдикциялық әрекеттерді де жүзеге асырады.

Қазіргі таңда құқықтық мемлекет қалыптастыру кезеңінде мемлекет пен мемлекеттік биліктің, сондай-ақ оның әрбір тармағының, соның ішінде барынша күрделі және заң әдебиетінде аз зерттелген атқару билігі мәселелерін қарастыру келелі іс болып көрінеді. Қазіргі уақытта атқару билігі қызметтері (функциялары) туралы мәселені зерттеудің ерекше ғылыми-теориялық және практикалық маңызы зор, сондықтан да ол арнаулы тарауда қарастырылады.

Сонымен атқару билігі функциясы дегеніміз не? Функция (қызмет) атқару билігі органдары әрекетінің басты бағыттары, онда мемлекеттік биліктің осы тармағының